



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

Маусым 2025

Жылдық инфляция 2025 жылғы маусымда 11,8%-ға дейін жеделдеді (мамырда – 11,3%). Азық-түлік пен азық-түлікке жатпайтын тауарлар, сондай-ақ ақылы көрсетілетін қызметтер бағасының жылдық мәнде өсуі тиісінше 10,6%-ға (мамырда – 9,6%), 9,4%-ға (мамырда – 9,0%) және 16,1%-ға дейін (мамырда – 16,0%) жеделдеді.

18 өңірде жеделдеген жылдық инфляция 1 өңірде өзгеріссіз қалып, 1 өңірде баяулады. Жылдық инфляция 7 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты. Инфляцияның ең жоғары мәні Алматы қаласында (13,8%) тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2024 маусым– 2025 маусым), %-бен

Алматы қ.	8,4	13,8
Қарағанды	10,8	13,5
Астана қ.	10,1	13,1
Абай	7,9	12,2
Ақмола	9,2	12,2
Батыс Қазақстан	8,2	12,1
Шығыс Қазақстан	8,9	12,0
Қазақстан Республикасы	8,4	11,8
Ақтөбе	8,2	11,7
Түркістан	6,7	11,7

Атырау	8,6	11,6
Солтүстік Қазақстан	8,9	11,6
Ұлытау	6,9	11,5
Қызылорда	7,0	11,1
Шымкент қ.	7,8	10,7
Жамбыл	7,2	10,4
Жетісу	8,6	10,4
Қостанай	8,1	10,4
Алматы	5,5	9,9
Павлодар	9,1	9,9
Маңғыстау	10,3	9,6

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарларының бағасы Ақмола облысында (12,5%), Қарағанды облысында (12,0%), Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында (11,9%-дан), Абай облысында (11,7%), Шымкент қаласында (11,5%), Жетісу облысында (11,4%), Астана қаласында (11,1%), Түркістан (11,0%) мен Ұлытау (10,8%) облыстарында ел аумағында қалыптасқан деңгейден (ж/ж 10,6%) жоғары болды.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы Түркістан (12,5%), Абай (11,4%), Ұлытау (11,3%), Атырау (11,0%), Ақтөбе (10,7%), Ақмола (10,6%), Солтүстік Қазақстан (10,3%), Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында (10,1%), Қызылорда облысында (9,9%), Астана қаласында (9,7%) және Маңғыстау облысында (9,5%) елдегі деңгейден (ж/ж 9,4%) жоғары өсті.

Ақылы көрсетілетін қызметтер бағасы мына өңірлерде жалпы республикалық деңгейден (ж/ж 16,1%) жоғары болды: Алматы қаласында (23,4%), Қарағанды облысында (18,1%), Жамбыл облысында (16,7%), Батыс Қазақстан облысы мен Астана қаласында (16,4%) және Атырау облысында (16,2%).

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі компоненттері, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	10,6	9,4	16,1
Ақмола	12,5	10,6	14,0
Ақтөбе	10,6	10,7	13,9
Алматы	10,5	7,8	11,7
Атырау	9,4	11,0	16,2
Батыс Қазақстан	11,9	8,7	16,4
Жамбыл	9,4	8,1	16,7
Қарағанды	12,0	10,1	18,1
Қостанай	9,5	9,1	13,2
Қызылорда	10,2	9,9	14,5
Маңғыстау	9,2	9,5	10,1
Павлодар	10,6	6,3	13,2
Солтүстік Қазақстан	11,9	10,3	13,2
Түркістан	11,0	12,5	12,1
Шығыс Қазақстан	11,9	10,1	14,1
Астана қ.	11,1	9,7	16,4
Алматы қ.	8,7	8,0	23,4
Шымкент қ.	11,5	7,2	13,6
Абай	11,7	11,4	13,9
Жетісу	11,4	8,4	10,8
Ұлытау	10,8	11,3	12,9

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2025 жылғы маусымда елде **айлық инфляция 0,8%** болды. Айлық инфляцияның ең жоғары мәні Ақмола және Абай облыстарында (1,3%) тіркелді.

2-кесте. 2025 жылғы маусымда өңірлердегі айлық инфляция, %

Қазақстан Республикасы	0,8
Ақмола	1,3
Абай	1,3
Атырау	1,2
Қарағанды	1,2
Солтүстік Қазақстан	1,2
Шығыс Қазақстан	1,2
Қызылорда	1,0
Жетісу	1,0
Жамбыл	0,9
Ақтөбе	0,8

Батыс Қазақстан	0,8
Павлодар	0,8
Түркістан	0,8
Алматы	0,7
Қостанай	0,7
Астана қ.	0,7
Алматы қ.	0,7
Маңғыстау	0,6
Ұлытау	0,6
Шымкент қ.	0,3

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ